



## Шымкент қаласында бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы

Шымкент қаласы мәслихатының 2024 жылғы 19 наурыздағы № 14/120-VIII шешімі. Шымкент қаласының Әділет департаментінде 2024 жылғы 27 наурызда № 203-17 болып тіркелді

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Осы шешім 01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі.**

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 696-3-бабының 5-тармағына сәйкес Шымкент қаласының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Шымкент қаласында бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде төлем көзінен ұсталатын салықтарды қоспағанда, корпоративтік немесе жеке табыс салығының мөлшерлемесінің мөлшері салықтық кезеңде алынған (алынуға жататын) кірістер бойынша 4% - дан 2% - ға төмендетілісін.

2. Осы шешім 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Шымкент қаласы  
мәслихатының төрағасы*

*Б. Нарымбетов*